



**БҰЙРЫҚ**

20. 09. 2024 ж

Алматы қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 24-0

город Алматы

**«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне  
ішкі талдау жүргізу туралы»**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтері туралы Үлгілік ереженің 13-тармағының 5-тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 3 тоқсанында Ансамбльде ҚР «Еңбек туралы» Кодексінің талаптарын орындау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұданәрі- Талдау) жүргізілсін.

2. Кадрлар жөніндегі инспектор Б.А. Аманжолова 2023-2024 жылдары кадр жұмысына сұратылған құжаттарды комплаенс офицер К. Илиясовқа дайындасын.

3. Комплаенс офицер К. Илиясов кадрлер инспекторында болған тексеру қортынды нәтижелерін маған баяндасын.

4. Әртіс А.А. Боровикова бұл бұйрықты қосымшаларымен бірге сайтқа орналастырсын: [www.camerata.kz](http://www.camerata.kz)

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Кадрлар жөніндегі инспектор осы бұйрықпен аталған лауазымды тұлғаларды таныстырсын.

Директордың  
уақытша міндетін атқарушы

*С. К. Мурзабекова*

С. К. Мурзабекова



«20» 09 2024 жылға  
№ 24-0 бұйрыққа

Қосымша №1

«Бекітемін»  
«Қазақстан Камератасы»  
Классикалық музыка  
ансамблі» РМҚК-ы  
директорының уақытша  
м.а.



Мурзабекова Г.К.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне  
Ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары**

№ р/р	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауапты тұлға
1.	Ансамбльдің кадр жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу	2024 жылғы 3 тоқсанға	Комплаенс офицер К.Илиясов

Комплаенс офицер

К.Илиясов

«~~20~~» 09. 2024 жылға  
№ ~~24-Б~~ бұйрыққа

Қосымша №2

**«Қазақстан Камератасы» классикалық музыка ансамблі» РМҚК-да  
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі  
жұмыс тобының құрамы**

Топ жетекшісі: директордың уақытша м.а.  Г.К.Мурзабекова


Жауапты лауазымды тұлғалар:

Комплаенс офицер



К.Ілиясов

Кадрлар жөніндегі инспектор



Б.А.Аманжолова

**Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат Министрлігі**  
**«Қазақстан Камератасы» классикалық музыка ансамблі Республикалық**  
**мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жалпы жиналыс**  
**Х А Т Т А М А С Ы**

Алматы қаласы

«23» 09 2024 ж.

**Жиналыс төрайымы: Г.К. Мурзабекова**

**Жиналыс хатшысы: Б.Аманжолова**

**Күн тәртібінде:**

1.Комплаенс офицер Қ.Илиясовтың кадрлер маманындағы ҚР «Еңбек туралы» кодексі бабтарының орнындалуын және ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі» заң талаптарының сақталуы бойынша тексеру қортындысы.

Комплаенс офицер Қ.Илиясов өз сөзінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі» Қазақстан Республикасы Заңының 8, 16-баптарының 1-тармағы мен 5-тармағының және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізілгенін, оның Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2024 жылғы 10 қыркүйектен 2024 жылғы 20 қыркүйекке дейін екенін айтты.

Тексеріс барысында, Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» кодексі баб талаптарының бұзылмағанын, қызмет барысында Тәртіптік кеңесте не болмаса Келісу комиссиясында қызметкерлердің арыз шағымдарының қаралмағанды атап өтілді.

Тексеру қамтыған уақытта ұжымда бірде-бір ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі» заң талаптарының қызметшілер тарапынан бұзылмағанын көрсетті.

Ұжым мүшелерінің аталған заңның мәні мен мәнісін жақсы түсінетіндігі, бұл заңның қоғамдағы орнын, және мемлекет тарапынан қандай талаптар қойылғанында терең түсінетіндігін көрсетеді, алдағы уақытта ұжым қызметкерлерінің жоғарыда көрсетілген заң талаптарының бұзылмайтына сенетінін Комлаенс офицер Қ.Илиясов атап өтті.

Директордың уақытша міндетін атқарушы Г.Қ.Мурзабекова өз сөзінде, ұжымның ауызбіршілігі жоғарғы деңгейде екенін, сонымен қатар мемлекет тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың маңызы зор

екенін, оны мүшелерінің жақсы түсінетіндігін атай келіп, кадрлар жөніндегі маманда тексеру қотындысымен келісетіндігін атап өтті.

Осымен жиналыс өз жұмысын аяқтады.

**Жиналыс төрайымы**



**Г.К.Мурзабекова**

**Жиналыс хатшысы**



**Б.Аманжолова**

**«БЕКІТЕМІН»**  
**«Қазақстан Камератасы» классикалық**  
**музыка ансамблі» РМҚК-ы**  
Директоры м.а.



Г.К. Мурзабекова

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша**  
**«Қазақстан Камератасы» классикалық музыка ансамблі»**  
**республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының**

### ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ

Алматы қ.

« 13 » 09 2024 ж.

Ішкі талдау объектісінің толық атауы: «Қазақстан Камератасы» классикалық музыка ансамблі республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының кадрлер жұмыс жөніндегі маманында (бұдан әрі-Ансамбль).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды компаенс-офицер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі» Қазақстан Республикасы Заңының 8, 16-баптарының 1-тармағы мен 5-тармағының және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізді.

Ішкі талдау жүргізу негіздері: «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Ансамбль директорының уақытша м.а. №24-Ө 20 қыркүйек 2024 жылдағы бұйрығы.

Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2024 жылғы 10 қыркүйектен 2024 жылғы 20 қыркүйекке дейін.

«Қазақстан Камератасы» классикалық музыка ансамблі республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының объектісінің талданатын кезеңі 2023 жылдан 2024 жылдың қыркүйектің 20-на дейін қамтиды.

Ансамбльде: жалпы сандық құрамы 35 қызметкерді құрайды, оның ішінде әртістік персонал – 24, әкімшілік-басқару персоналы - 7, техникалық персонал – 4.

Кадрлық бөлімі өз жұмысын Enbek.kz бағдарламасы бойынша жүзеге асырады. Қызметкерлердің еңбек шарттарын, қосымша келісімдерін тіркеу Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі "Электрондық еңбек биржасы" [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) порталында жүргізіледі.

Бос орын болған жағдайда хабарландыру Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі "Электрондық еңбек биржасы "

www.enbek.kz " порталында беріледі және министрлікке апта сайын жолданады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 209 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мәдениет ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес театр қызметкерлеріне № 201-ө-м, мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамалары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 01 қыркүйектегі № 775 бұйрығымен бекітілген барлық қызмет салаларына ортақ біліктілік санаты мен деңгейін анықтау үшін біліктілік комиссиясы мен сараптама тобы бекітілді. Комиссия отырысы құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан өтініштер мен қызметтік жазбалардың түсуіне қарай жүргізіледі.

Ансамбль қызметкерлерін аттестаттау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына және Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Заңының 7-бабының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 189 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 шілдеде № 14035 болып тіркелген, 2018 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен "Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының азаматтық қызметшілерін аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары" және заңнамамен белгіленген мерзімдерге сәйкес жүргізіледі.

Жарғыға, «Қазақстан Камератасы» классикалық музыка ансамблі» РМҚК ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес - Тәртіптік комиссия, Келісу комиссиясы, қызметкерлердің өтілін анықтау жөніндегі Комиссия, Көркемдік кеңес, Негізгі құралдарға жататын мемлекеттік мүлікті есептен шығару жөніндегі комиссиялар бекітілді.


03.01.2023 ж. бастап 31.12.2023 ж. дейінгі есепті кезең үшін:  
- қабылданды - 01.01.2023 мен 31.12.2023 ж. аралығында 10 адам  
- жұмыстан шығарылғандар – 10 адам, оның ішінде: 10 - өз қалауы бойынша.

03.01.2024 ж. бастап 08.09.2024 ж. дейінгі есепті кезең үшін:  
- қабылданды - 03.01.2024 мен 08.09.2024 ж. аралығында 8 адам  
- жұмыстан шығарылғандар – 4 адам, оның ішінде: 4- өз қалауы бойынша.

Тексеріс барысында кадрлер маманының қызметінде Қазақстан Республикасының Еңбек туралы кодексінің бабтарын бұзушылық жәйттері анықталмады, 2023 жылдың және 2024 жылдың 3-ші тоқсанына дейін ұжымда қызметкерлерді Тәртіптік не болмаса Келісу комиссияларында қаралмаған, қызметтен Ансамбль әкімшілігімен тәртіп бұзушылықпен жұмыс

еңбек шарты бұзылмаған, сонымен қатар ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заң талаптарының бұзылмағанын көрсетті.

**Комплаенс офицер**

A handwritten signature in blue ink, appearing to be 'K. Ilyasov', written over a horizontal line.

**К.Илиясов**